

ТАРИХ, САЯСАТТАНУ

ӘОЖ 930; МҒТАР 03.20;03.81;21.15
<https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.12>

Д. МҰСТАПАЕВА

*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: dildash.mustapaeva@ayu.edu.kz*ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ XII ҒАСЫРДАҒЫ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ
ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылымы, салыну кезеңдері туралы деректер уақыт пен зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қалыптасып, ғылыми айналымға енді. XIV ғ. Әмір Темірдің бұйрығымен салынды деген пікірге негізделіп айтылып келген тұжырымдар XX ғ. тарихи-археологиялық жұмыстар, жөндеу жұмыстары кезінде табылған материалдар негізінде кесененің XII ғасырда Қабірхана, мешіт бөлмесінен тұрған құрылыс болғанын айғақтайды. 1923 жылғы жөндеу жұмыстары, 1928 жылғы археологиялық зерттеу жұмыстары, 1938–1939 жылдардағы жөндеу жұмыстары, 1950-ші жылдардағы сәулеттік, археологиялық зерттеу жұмыстары, 1997 жылдағы археологиялық зерттеу жұмыстары Ахмет Ясауи кесенесінің қалыптасу, салыну кезеңдері туралы хронологиясының белгілі бір жүйесінің қалыптасуына негіз болды. Ғалымдардың жылдар бойы зерделеген, талдаған зерттеулер нәтижелері, кесененің шатырынан табылған көне құрылыс материалдары кесене құрылымының қалыптасуының бірнеше кезеңін көрсетіп берді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан аумақ бірнеше ғасырлар некрополь болғаны, ол жердегі жерлеу орындары, жерлену әдістері мен заттарына қарай талданғаны, кесененің, оның аумағының даму кезеңдері туралы ғылыми зерттеулер қарастырылды.

Көне құрылыс кезеңінің материалдары, ғылыми зерттеулер нәтижелері Әзірет Сұлтан кесенесінің салынуы тек XIV ғасырдың екінші жартысымен мерзімделмейтінін дәлелдеген. Осы тұрғыдан алғанда бұл жер Әмір Темір ғимаратты салуға дейін, ғасырлар бойы зиярат орны болған, рәсімдер орындалған киелі жер болғаны тұжырымдалады.

1997 жылғы ғылыми зерттеулердегі табылған материалдар көне құрылыстардың болғанын айғақтаған. XII ғасырда сол кезеңге тән ғимарат болған, екі ғасырдан соң Әмір Темір бар ғимарат үстінен оған үйлестіре отырып, түрлі қызмет атқаратын бөлмелер жүйесін салдырған.

Мақалада кесененің қалыптасу кезеңіне байланысты ғылыми зерттеулер нәтижесі, көне құрылыс кезеңінен қалған кесене орны туралы зерттеулер жайында мағлұматтар берілді.

Кілт сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, кесене, қабірхана, мешіт бөлмесі, терракота, зерттеулер, сәулет.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Мұстапаева Д. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің XII ғасырдағы құрылымының зерттелуі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2021. – №4 (122). – Б. 129–138. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.12>

***Cite us correctly:**

Mustapaeva D. Qozha Ahmet Iasaui kesenesinin XII gasyrdagy qurylymynyn zerttelui [Study of the Structure of the Mausoleum of Khoja Akhmet Yassawi of the XII century] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2021. – №4 (122). – B. 129–138. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.12>

D. Mustapayeva

*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: dildash.mustapayeva@ayu.edu.kz*

Study of the Structure of the Mausoleum of Khoja Akhmet Yassawi of the XII century

Abstract. As a result of research works, information about the structure and stages of construction of the mausoleum of Khoja Akhmet Yassawi was collected and introduced into the scientific discourse. It is commonly known that the mausoleum was built by order of Emir Timur in the XIV century, however on the basis of materials found during the historical, archaeological, as well as repair work, it was established that in the XII century there already was a facility consisting of the premises of the Tomb and mosques. Repair works in 1923, archaeological research in 1928, repair work in 1938–1939, as well as architectural and archaeological research in the 1950s and archaeological research in 1997 formed the basis for establishing of certain chronology of the structure and stages of construction of the mausoleum of Akhmet Yassawi. The results of many years of study and analysis by scientists of ancient building materials found on the roof of the mausoleum indicate several stages in the construction of the mausoleum. The article examines scientific research about the necropolis, which was located on the territory of the mausoleum for several centuries, the places and order of burials, as well as the stages of development of the mausoleum and the area around it.

Upon the scientific study of the materials of the ancient structure, it was proved that the construction of the Azret Sultan mausoleum dates back not only to the second half of the XIV century. From this point of view, it is concluded that this place, even before the construction of the building by Emir Timur, for centuries was a holy place for pilgrimage and rituals.

It has been established that the materials found during scientific research in 1997 refer to an ancient structure. In the XII century, there was a building of that era, over which, two centuries later, by order of Emir Timur, a system of premises for various purposes was built in compliance with the existing structure.

The article provides data and conclusions of scientific research of the stage of the formation of the mausoleum, as well as the area of the mausoleum at the site of the ancient structure.

Keywords: Khoja Akhmet Yassawi, mausoleum, tomb, the premises of the mosque, terracotta, research, architecture.

Д. Мустапаева

*кандидат исторических наук, доцент
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: dildash.mustapayeva@ayu.edu.kz*

Исследование строения мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави XII века

Аннотация. В результате исследовательских работ были собраны и внесены в научный оборот сведения о возведении, этапах строительства мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави. Как известно, мавзолей был построен по приказу Эмира Тимура в XIV веке, однако уже в XX веке на основе материалов, найденных во время историко-археологических, а также ремонтных работ было установлено, что в XII веке он представлял собой сооружение, состоящее из помещения Усыпальницы и мечети. Ремонтные работы в 1923 году, археологические исследования 1928 года, ремонтные работы 1938–1939 гг., а также архитектурные и археологические исследования в 1950-е годы, археологические исследования в 1997 году стали основой для выстраивания определенной системы

хронологии сооружения и этапов строительства мавзолея Ахмеда Ясави. Результаты многолетнего изучения и анализа учеными древних строительных материалов, найденных на кровле мавзолея указывают на несколько этапов возведения мавзолея. В статье рассматриваются научные исследования о некрополе, который несколько веков находился на территории мавзолея, места и порядок захоронений, а также этапы развития мавзолея и территории вокруг него.

В результате научного изучения материалов древнего строения было доказано, что строительство мавзолея Азрет Султан датируется не только второй половиной XIV века. С этой точки зрения, делается вывод о том, что данное место еще до строительства здания Эмиром Тимуром на протяжении веков было святым местом для паломничества и совершения ритуалов.

Установлено, что материалы, найденные во время научных исследований 1997 года относятся к древнему строению. В XII веке существовало здание той эпохи, над которым спустя два столетия по приказу Эмира Тимура сообразно существующему строению была построена система помещений различного назначения.

В статье приводятся данные и выводы научных исследований этапа формирования мавзолея, а также территории мавзолея на месте древнего строения.

Ключевые слова: Ходжа Ахмед Ясави, мавзолей, усыпальница, помещение мечети, терракота, исследования, архитектура.

Кіріспе

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, құрылысы туралы мәліметтер кесененің көп құрылымды, әр түрлі қызметке негізделген бөлмелерден тұратынын баяндайды. Кесене құрылымы туралы соңғы екі ғасыр көлемінде бірқатар деректерде айтылады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі көп қызметке негізделген әр түрлі бөлмелерді бірге топтастырып салынған құрылыс ретінде белгілі. Соның ішінде қабірхана, Қожа Ахмет Ясауи жерленген бөлме (1-сурет) және мешіт бөлмесі XII ғасырмен мерзімделген [1, 273-б.].

Сәулет кешеніндегі негізгі бөлме Ахмет Ясауи қабірханасы болып табылады. Бөлме күмбезбен жабылған. Бұл бөлменің солтүстік-батыс тұсында мешіт бөлмесі орналасқан. Мешіт бөлмесі де күмбезді, жарық түсетін саңлаулармен жабықталған. Он алты терезелі ғимарат болып табылады. Қас бетті, күмбезді және терракоталық материалдарын ғимараттарды салуда қолдану Орта Азияда кең тараған.

Қабірхана бөлмесінде жасыл нефрит тастан жасалған құлыптас қойылған. Осы құлыптас бетін жапқан – *қабіржапқыш (қабірпұш) қазіргі кезге дейін сақталған*. Қабіржапқыштың жоғалмай сақталуында қоғам қайраткері, ғалым Ө. Жәнібековтың еңбегі зор. Кейінгі жылдары қабіржапқышты ғалымдар зерттеп, заттың ислам өнерінің туындысы, жергілікті елдің мәдениетінің көзі екенін тұжырымдады. Түйе жүнінен иіріліп тоқылған матадан жасалған, бетін алтын, күміс жіптермен зерлеп кестелеген, таза жібек мата мен өте жұқа етіп илеген тері бөлшектерінен жапсырмалар тігіліп, өрнектелген қол өнер туындысы.

Жапқыш бетіндегі кестеленіп түсірілген ою-өрнектер кесенедегі өрнектермен сәйкес келеді. Мұндай сәйкестіктің орын алуы кездейсоқтық болмаса керек. Атап айтқанда, Қабірхана күмбезінің жиегі, Қазандық күмбезінің төрт қырлы қабырғасында орналасқан терезенің картушындағы, солтүстік беттің ойығының майоликалық белдемшесіндегі, мешіт бөлмесі михрабының өрнектелуіндегі ирек тәрізді өсімдік өрнегі, қабіржапқыштың жиегіне толығымен айналдыра жібек матамен жапсырма әдісімен кестеленіп тігілген өрнектермен бірдей. Қабіржапқышқа түсірілген араб тілінде жазуы бар.

Мешіт бөлмесі төрт бұрышты (6,4x9,4 м), жарық түсетін он алты терезесі бар, күмбезді құрылыс. Мешіт бөлмесінің ішкі құрылымындағы михраб, мінбердің, сырты күмбезді болуы – ислам дінінің мешіт эстетикасының талабына сай келеді.

Мешіттің михрабы (Мекеге бағышталған мешіт ойығы) құбылаға қараған көгілдір реңде оюланған. Мозаикалар, өсімдік сипатындағы өрнектер түсіріліп, майоликалық тақтайшалармен әрленген. Мұнда Құран сүрелерінен көркемделе түсірілген жазулар сан алуан реңді өсімдік өрнектермен сабақтасып жатыр. Михрабтан сулс қолтаңбасымен, ақ боялармен түсірілген әріптердің, жалатылған алтынның сілемдерін көруге болады.

Сәулет өнерінде ең көп тараған ғимараттарды өрнектеу түрі гипсті өрнектеп сызып әрлеу және күйдірілген кірпішті қаптау болды. XII–XIII ғғ. бояулы керамикалар және сызбалы терракоталар қалыптасты. XIV ғ. бастап бояулы өрнекті мозаика және майолика тарай бастады. Өрнектер мазмұны бойынша өсімдік, геометрияланған, эпиграфикалық-жазу түрінде болып бөлінді. Бағана, тіреулер өрнекті әшекейлермен безендірілді.

Сталактитті күмбездер дамыды. Сталактит – таза өрнектелген гипстің бір түрінен құйылған, күмбездің ішкі бөлшегіне, бұрыштардың қиылысқан бөлігіне, қабырғаларға бекітілген, төбеден сүңгі түрінде салбырап тұратын сипатты бейнелеген әк тұнбасы - сталактиттер тек желкендерді емес сонымен бірге ойықтар, күмбездерді, жартылай күмбездерді әшекейлейтін кең қолданылатын әшекейге айналды.

Ислам өнерінде өрнектерді білімді, рухани дамығын адам түсіне алды. Өрнектің ішкі құрылысы мен мәні Жаратушының жаратылысының терең мағынасын қамтыған. Кеңістік пен уақыттағы шексіздікті бейнелей отырып, мұсылман Жаратушы жаратқан жұмақ бағын ойша шарлады. Өрнектер арқылы Жаратушы жаратқан әлемді сезіну.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің мешіт бөлмесіндегі, басқа да бөлмелердегі, жалпы ғимараттағы жазулар, әшекей өрнектер, кірпіштік мозайка, майолика, ойылып, кашиннен жинақталып, өрнектелген жиналмалы мозаика сипатында түсірілген.

Орта Азиядағы сәулеттік ұстындардың шимай өрнектерімен әрленуі бұл бөліктің келесі мағынаға негізделгенін көрсетеді. Атап айтқанда, бұл өмірдің айналымы, табиғаттың айналымы, белгілі бір жүйемен, кезеңмен өтуі, өзгеруі, қозғалысы ретінде түсінген.

Қазақстан территориясында, жалпы Орта Азияда XII ғ. мешіттерді әрлеуде керемет геометрияланған, өсімдік тектес, ганчаға сызып түсірілген жазу сипаттарындағы өрнектер қолданылған.

Ахмет Ясауи кесенесінің бастапқы негізінде екі бөлме тұр. 1922 жылы Туркомстарис Кеңесінің бекітуімен мавзолейді қорғау комиссиясын құру ұсынылды. 1923 жылы кесене төбесінде, шатырында жүргізілген жөндеу жұмыстары кезінде XII ғ. мерзімделген шыңылтырсыз, сызба өрнектермен өрнектелген керамиканың бес сынық бөлігі табылды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында кесенеде 1922 ж. өлшеу мен фототүсірілім ғана емес, сонымен бірге тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізіледі. Ахмет Ясауи кесенесінің іргетасы зерттеліп, зерттеу нәтижесінде көне XII–XIII ғғ. кесененің төбесі ретке келтіріліп, қабырғаларының төменгі жағы жөнделіп, су ағар жүйелері құрылды [2, 31-б.].

Зерттеу әдістері

XII ғ. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылымы мен ерекшеліктері туралы ғылыми зерттеулер, сәулеттік және археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері талданып, салыстырыла қарастырылды. XII–XIV ғғ. кесене құрылымының даму ерекшеліктері және оны зерттеген зерттеулердің нәтижелері салыстыру әдісі, анализ және синтездеу әдістері негізінде талданды. Кесененің қабірхана бөлмесінің солтүстік бет тұсындағы қарахандар дәуірі кезеңінде салынған құрылыстан сақталған қабырға бөлігінің материалдары сол дәуірдегі сәулеттік құрылыс материалдарымен салыстырмалы әдіс қолданыла отырып, сараланды. Көне құрылыс негізін көрсету мақсатында ғылымда қолданылатын тарихи стратиграфия әдісінің қолданылуы тұжырымдалды.

Талдау мен нәтижелер

1928 ж. жөндеу жұмыстары архитектор Н.М. Бачинскийдің жетекшілігімен құдықхана, кітапхана, кіші мешіт бөлмесі және Үлкен Ақ сарайда, Қабірхана бөлмесінде, ішнара төбесінде, күмбез маңында жүргізілген.


XII ғ. келе жатқан екі бөлме қабірхана, кіші мешіт бөлмесіне де назар аударылды.

1928 жылы кесененің төбесін жөндеу кезінде бірнеше шыңылтырсыз XII ғ. сай келетін кірпіш тақталар табылған. Кесенені жөндеу кезінде табылған дәлелдер бұрын ғимарат орнында мола, көне құрылыстар болғанын айғақтайды. Кешен екі құрылыс кезеңінен өткен, Әмір Темір кезеңінде қазандық жанындағы ғимараттар біріктіріліп, күмбезбен жабылады. Бұрынғы кезеңде қазандық аумағы ашық аула түрінде болған [3, 22-б.].

Жөндеу кезінде табылған құрылыс материалдары – терракота сынықтары 1938–1939 жж. жөндеу кезінде де кездестірілген.

Т.Н. Карумидзе 1952 жылғы жүргізілген жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстарына жетекшілік етеді. XX ғ. 50-жылдары жүргізілген жөндеу жұмыстары кезінде, іргетас жүргізу кезінде XIV ғ. іргетасымен қатар ертерек кезең XII ғ. құрылыс материалдары табылған, бұл ескерткіштің пайда болу, салыну кезеңі туралы жаңа материалдарды берген еді [4, 146-б.].

XIV ғ. жаңа ғимарат салынған жоқ, кесене салынғанға дейін ішкі ауласы бар құрылыс болған деген тұжырымдар айтылды. Сол кезде кесененің солтүстік батыс тұсында орналасқан мешіт қабырғалары көне құрылыс екені туралы тұжырым жасалды. Ғалымдар кесене орнында Қарахан кезеңінің мавзолейі, оның алдында кең аула ортасында құдық болғанын тұжырымдайды.



1-сурет – Қабірхана бөлмесінің күмбезі. Солтүстік бет.




2-сурет – Қабірхана бөлмесі. Ішкі бөлігі.

М.Е. Массон, Б.Н. Засыпкин, Н. Карумидзе, Л.Ю. Маньковская Ахмет Ясауи кесенесінің орнында ерте кезде мола және құрылыстар болғанын айтады. Б.Н. Засыпкин, Т.Ш. Карумидзе зерттеулерінде Ахмет Ясауи кесенесінің XIV ғ. дейін болғанын айғақтайды.

Әмір Темір кезеңінде қас бет және ауланың үстінен күмбез орнатылғаны баяндалады [4, 146-148-бб.].

1950-ші жылғы зерттеулер нәтижесі, Л.Ю. Маньковская зерттеуі XIV ғ. екінші жартысында Әмір Темір бұйрығымен салынған құрылыс бұрын XII ғ. болған ішкі ауласы бар құрылыстар жиынтығына ұластырылып салынған. XIV ғ. бұрын аула болған тұсы Қазандық күмбезімен жабылған деген тұжырымға алып келді [4, 146-б.].

XX ғ. 50-жылдарындағы Л.Ю. Маньковскаяның зерттеуінде сәулеттік жоспардың екі түріне, олардың синтездену негізінде жасалған, яғни XIV соңында XII ғ. екі бөлмелі ғимарат пен XIV ғ. соңында басқа көп бөлмелерді біріктіру негізінде, синтездену процесінде мавзолей кешен қалыптасқанын зерделеген. 1957 жылы XII ғ. тән қаптама қыш қабырғасы кесененің солтүстік қас бетінің батыс тұсындағы 1 шаршы метр аумағынан табылады (3-сурет) [3, 34-б.].



**3-сурет – XII ғ. құрылыс қабырғасы
XIV ғ. Әмір Темір кезеңіндегі құрылыс қабырғасының астынан табылған қабырға
бөлігі**

Ахмет Ясауи кесенесінің бұл қабірхана бөлмесінің көне қабырғасы реставрациялау жұмыстарынан соң «тарихи стратиграфия» деп аталған реставрация әдістерінің бірі қолданылып, құрылыстың көне бөлігінің зияратқа келушілердің көруіне мүмкіндік жасалған (4-сурет). Тарихи стратиграфия әдісі қолданыла отырып, Әзірет Сұлтан кесенесінің қабірхана бөлмесінің солтүстік бет тұсындағы арнайы жасалып, көрсетіліп қойылған ойықты атауға болады.

XII ғ. Қожа Ахмет Ясауидің басына тұрғызылған ең алғашқы кесененің қабырғасын келушілерге осылай көру мүмкіндігі жасалған. Көне кесене сыртынан XIV ғ. салынған кесене қабырғалары қапталып қаланып кеткен [5, 30-б.].

Л.Ю. Маньковская мұндай қаптама тақта кірпіштердің XII ғ. ғимараттарды салуда территориялық және тарихи ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі нұсқалары болғанын айтады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Қабірхана бөлмесінің сақталып қалған көне қабырғасы сол кезеңнің алдыңғы қатарлы сәулет жетістіктері мен ұсталардың ерекше шеберлігін дәлелдеген құрылыс материалы болды. Ортағасырлық өлшем, кірпіштерді тегістеп, жылтыратып, ойыш әрлеу, қиюын келтіріп қалау өте жоғарғы деңгейде көрініс тапқан [3, 35-б.]. Көне мазар, ханака, медресе және басқа да киелі жерлерде болатын құрылыстармен сол кезеңде ғимарат қоршалуы мүмкін. Кейін мазар қайта құрылып, оған

жаңа бөлмелер салынған. Кесенеден табылған керамикалық құрылыс материалдары кесенені XII ғ. салуда қолданылған материалдар деуге болады [6, 63-б.].

1997 ж. Түркістан археологиялық экспедициясының ғалымдарының зерттеулері, атап айтқанда Қазандық бөлмесіндегі археологиялық қазба жұмыстары бұл мәселені деректермен дәлелдеді. Е.А. Смағұлов, М. Тұяқбаев зерттеулері осыған негіз береді. Ғалымдар зерттеуі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан аумақ бірнеше ғасырлар некрополь болғаны, ол жердегі жерлеу орындары, жерлену әдістері мен заттарына қарай талданып, некрополь дамуы төрт кезеңге бөлінген [7, 3-б.].

Төрт кезеңнің екінші және үшінші кезеңдері ерте исламдық кезең – IX–XII ғғ. екінші кезеңі, мавзолейдің бірінші кезеңі XII–XIV ғғ. деп бөлінген [8, 18-б.].

XIV ғасырда Әмір Темір кесенені салдырғанда XII ғ. қабірлердің орнының жоғалмауына көңіл бөлген (4-сурет). Ғалымдар зерттеуіне сүйенгенде XII ғ. қабірлер үшін арнайы қуыстар қалдырып кетіп отырған және шырақтар жағылған, яғни шырақханалар болған [7, 9-б.].



4-сурет – Қазіргі кезеңдегі Қабірхана бөлмесінің XII ғ. көне қабырғасының көрінісі

Орта ғасырларда киелі орындарда, мазарларда, жерлеу орындарында міндетті түрде шырақ, шырақхана болған. Мазар жанында құдық болып, ағаштар өсірілген [9, 207-б.].

1997 жылы кесененің Қазандық бөлмесінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарында ғалымдар осы жерде, бөлме құрылысы жоқ кезде жерленгендер Ясауи ілімі таралған аймақтардың мәйіт жерлеуде қолданған жерлеу құрылыстарын қолданып жерленгенін айтады [7, 10-б.].

Кесененің батыс тұсында орналасқан асхана бөлмесі де, онда дүйсенбі, жұма күні таратылған халім асы да XII ғ. Ахмет Ясауи кесенесінде орындалған діни рәсімнің жалғасы болған болар деген тұжырым айтуға болады.

Ғалымдар XII ғ. кесене орнында қарахандар кезеңінің құрылысына сай салынған құрылыс құрылымы, аула және құдық болғанын айтады. Орта Азияда ерте заманнан күмбезді мазарлар құрылымы кең тараған.

XI–XII ғғ. Қарахан дәуірінің діни ғимараттары, XIV ғ. Әмір Темір кезеңі, XV–XVIII ғғ. кезеңдердегі діни ғимараттар ислам діни ұстанымдарына сай салынған. Діни құрылыстар өз қызметтеріне қарай ерекшеленеді.

Сәулеттік ғимараттарды салуда жергілікті жердегі материалдар қолданылды (5-сурет). Саз балшық, пахса, шикі кірпіш, т.б. XI–XII ғғ. олардың құрылымы үш бөлікке бөлінгені белгілі. Кейінгі кезеңдерде күйдірілген кірпіштер кең қолданылған. Қаптама көркем тақталар қолдану Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде өзінің ерекше көрінісін тапқан. Орта ғасырлық Отырар, Түркістан аумағынның қалалар құрылысындағы діни ғимараттар онда ерекше қала мәдениетінің дамуын көрсетеді [10, 148-б.].

Кесенелер қас бетгі, күмбезді, мұнаралы болып салынып, жерлеу орындарында сағаналар, төртқұлақтар орнатылды [11, 654-б.].

XI–XII ғғ. сәулет құрылыстарында сызбалы, тегістелген кірпіш – архитектуралық терракоталар кең қолданылды. Негізгі материал балшық, саз және ганч болған.

Терракота – күйдірілген саз балшық деуге болады. Осы саз балшықты күйдіру негізінде жасалған керамикалық боялмаған, шыңылтырланбаған, түрлі-түсті саз балшықтан жасалған құрылыс материалдарын қолданған. Орта ғасырларда кесіп өрнек түсірілген терракота Орта Азияда сәулет өнерінде кең қолданылды.



5-сурет – Қабірхана және кіші мешіт бөлмесі

1990-шы жылдары кесенеге жүргізілген реставрациялау жұмыстары бірнеше жылдарға созылған болатын, ол Қазақстан мен Түркия мамандарының бірлескен реставрация жұмыстары еді.

Сол кезеңде 1994 ж. археолог С. Мырзабаевтың кесененің шатырынан көне құрылыс заттары ретінде алып келген сызбалы бояусыз керамикалық тақтаны тапқаны бар еді. Бұл тақта XII ғ. құрылыс материалы ретінде кесененің шатырында болғаны анық.

1923 жылы, 1952-жылдар, 1994-жылдарда кесененің шатырынан, кесенеден табылған бояусыз құрылыс материалдары Қожа Ахмет Ясауи өмір сүріп, дүниеден озған XII ғ. дамыған құрылыс материалдарымен сәйкес келеді.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің екі бөлмесі XII ғ. мерзімделеді. Ғылыми зерттеулер, археологиялық зерттеу жұмыстары көрсеткендей қабірхана және кіші мешіт бөлмелері қарахан дәуірі ескерткіштерін салуда қолданылған материалдармен жасалынған.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана бөлмесінің қабырғаларына төрт ойық бар. Барлық ойықтар, кірер есік тұсындағыдан өзгелері мозайкалық қаптамамен қапталған [12]. Алты ұшты жасыл тақашалар алтынмен әрленген. Ойықтар және күмбездің астындағы барлық кеңістік сталактиттермен әшекейленген.

Қорытынды

XIV ғ. Әмір Темірдің Уақұфтық қолқатында Ахмет Ясауи кесенесіне арнап жер, су, арықтар, халім әзірлеуге азық-түлік бөлу XII ғ. қалыптасқан дәстүрдің сабақтастығы деуге болады.

Әмір Темір Қолхатында XII ғ. болған жер су, арық аттары аталады. Кесененің оңтүстік батыс тұсында орналасқан асхана XII ғ. халім әзірлеуге қолданылған болар. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі аумағынан археологиялық қазба кезінде қазандық бөлмесінен табылған заттар, бала ойнайтын асық, құмыралар елдің ежелден келе жатқан заттай мәдениет туындылары және қазіргі кезге дейін ел ішінде кең қолданып, құндылыққа айналған заттары деуге болады.

Кесене жанындағы мазар маңына шырақхана қойылуы, шырақ жағу да ежелгі дәстүрдің жалғастығын көрсетеді. Шырақхананың болуы, шырақ жағу Ахмет Ясауи кесенесінде XIX–XX ғғ. соңына дейін жалғасты. Ахмет Ясауи қабірхана маңына жерленген Баба Самит Жолбарыс хан қабірінің жанында шырақхана болған [2, 56-б.].

Қарахандар дәуірінде қол өнердің әр түрі дамыған еді. Ерекше балшық-саздан құрылыс материалдарын күйдірілген кірпіш, қаптама терракоталар, су құбырларын жасау өркендеді.

XI–XII ғғ. сызбалы және жылтыратылған кірпіш түрлері кең қолданылды. Сол кезеңде күйдірілген, түсті саз балшықтан жасалған сәулеттік терракота кең қолданылды. Мазар, кешендер құрылымы ислам дінінің ереже ұстанымдарына сай дамыды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Свод памятников истории и культуры Казахстана. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994. – 368 с.
2. Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. – Ташкент: Типолит №2 Узполитграфтреста, 1930. – 94 с.; Массон М.Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви. – Шымкент: Жібек Жолы, 2000. – 64 б.
3. Маньковская Л.Ю. Некоторые архитектурно-археологические наблюдения по реставрации комплекса Ходжи Ахмеда Ясеви в г. Туркестане // Загадки древнего Туркестана. Сборник научных статей. – Алматы: Санат, 1998. – 176 с.
4. Елгин А. Археологические и архитектурные исследования мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави: вторая половина XIX в. – середина 1950-х годов (очерки и материалы). – Алматы: Ә.Марғұлан ат. Археологиялық институты ҚК, 2013. – 225 с.
5. Тұяқбаев Қ. Реставрация – жаңғырту өнері. – Алматы: Арыс, 2008. – 68 б.
6. Маньковская Л.Ю. Типологические основы зодчества Средней Азии (IX – начало XX в.). – Ташкент: Фан, 1980. – 161 с.
7. Тұяқбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. – Алматы: Атамұра, 2000. – 96 б.
8. Смагулов Е.А., Туяқбаев М.К. Новое в ранней истории некрополя г. Туркестана // ИМНАН РК: Серия общественных наук. – 1998. – №1. – С. 18–25.
9. Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1969. – 331 с.
10. Қожа М. Ортағасырлық Отырар тарихы. – Нұр-Сұлтан: Өрнек, 2017. – 424 б.
11. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии. (Памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. – 654 с.

12. Туякбаева Б.Т. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. – Алма-Ата: Онер, 1989. – 176 с.

REFERENCES

1. Svod pamyatnikov istorii i kul'tury Kazakhstana [A set of historical and cultural monuments of Kazakhstan]. – Almaty: Qazaq enciklopediyasy, 1994. – 368 s. [in Russian]
2. Masson M.E. Mavzoley Khodzha Akhmeda Yasevi [Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. – Tashkent: Tipolit N2 Uzpolitgraftresta, 1930. – 94 s.; Masson M.E. Mavzoley Khodzha Akhmeda Yasevi. – Shymkent: Zhibek Zholy, 2000. – 64 b. [in Russian]
3. Man'kovskaya L.Yu. Nekotoryye arkhitekturno-arkheologicheskiye nablyudeniya po restavracii kompleksa Khodzhi Akhmeda Yasevi v g. Turkestane [Some architectural and archaeological observations on the restoration of the Khoja Ahmed Yasawi complex in Turkestan] // Zagadki drevnego Turkestana. Sbornik nauchnykh stat'yey. – Almaty: Sanat, 1998. – 176 s. [in Russian]
4. Yelgin A. Arkheologicheskiye i arkhitekturnyye issledovaniya mavzoleya Khodzhi Akhmeda Yasavi: vtoraya polovina XIX v. – seredina 1950-h godov (oчерki i materialy) [Archaeological and architectural studies of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi: the second half of the XIX century – the middle of the 1950-s (essays and materials)]. – Almaty: A.Margulan at. Arheologiyalyq instituty QK, 2013. – 225 s. [in Russian]
5. Tuyakbayev Q. Restavraciya – zhangyrtu oneri [Restoration is the art of modernization]. – Almaty: Arys, 208. – 68 b. [in Kazakh]
6. Man'kovskaya L.Yu. Tipologicheskiye osnovy zodchestva Sredney Azii (IX – nachalo XX v.) [Typological foundations of Central Asian architecture (IX – early XX century)]. – Tashkent: Fan, 1980. – 161 s. [in Russian]
7. Tuyakbayev M. Turkistanda zherlengen tarihi tulgalar [Historical figures buried in Turkestan]. – Almaty: Atamura, 2000. – 96 b. [in Kazakh]
8. Smagulov Ye.A., Tuyakbayev M.K. Novoye v ranney istorii nekropolya g. Turkestana [New in the early history of the necropolis of Turkestan] // IMNAN RK: Seriya obshchestvennyh nauk. – 1998. – №1. – S.18–25. [in Russian]
9. Snesev G.P. Relikty domusul'manskih verovaniy i obryadov u uzbekov Horezma [Relics of pre-Muslim beliefs and rituals among the Uzbeks of Khorezm]. – M.: Nauka, 1969. – 331 s. [in Russian]
10. Kozha M. Ortagasyrlyq Otyrar tarihy [Medieval history of Otrar]. – Nur-Sultan: Ornek, 2017. – 424 b. [in Kazakh]
11. Azhigali S.Y. Arkhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kul'tury Evrazii. (Pamyatniki Aralo-Kaspiyskogo regiona) [Nomadic architecture is a phenomenon of the history and culture of Eurasia. (Monuments of the Aral-Caspian region)]. – Almaty: NITS «Gylym», 2002. – 654 s. [in Russian]
12. Tuyakbayeva B.T. Epigraficheskiy dekor arkhitekturnogo kompleksa Ahmeda Yasavi [Epigraphic decoration of the architectural complex of Ahmed Yasawi]. – Alma-Ata: Oner, 1989. – 176 s. [in Russian]